



SAIASAT

ЕЛДІКТИҢ ЖАУАПТЫ КЕЗЕҢІНДЕ БІРЛІК ПЕН БАЙЫПТЫЛЫҚ МАҢЫЗДЫ

Сыр бойындағы сәулетті шаһар, ұлт тарихының қазыналы қаласы Қызылордада бесінші мәрте шақырылған Ұлттық құрылтай отырысы жоғары деңгейде өтіп, ел тағдырына қатысты мән-маңызы зор мәселелер мен міндеттер талқыға салынды. Жиынға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, Құрылтай мүшелері алдында сөз сөйледі.

Еңбекпен көркейген өңір

Бұған дейін ұлт ұясы Ұлытауда, түбі бір түркі жұртының кара шаһырағы Түркістанда, айбарлы Атырау мен тарихы бай Көкшетау баурайында төрт рет шақырылған құрылтай отырыстары ендігі кезекте қастерлі Қызылорда жеріне ат басын тірегенін, бұл халқымыз үшін орны ерекше өңір әрі «Сыр – Алаштың анасы» екенін тілге тиек еткен Президент сөзінің басында осы атыраптағы Шірік-Рабат, Жанкент, Сығанақ, Алтынасар, Баршынкент қалаларының орны көне заманның өзінде қазақ жерінде дамыған қала өркениеті болғанын айғақтайтынына назар аударды. Қызылорданы сол әйгілі қалалардың заңды жалғасы деуге бола-



тынын, бұл шаһардың тарихи мән-маңызы айрықша екенін, осыдан бір ғасыр бұрын Қазақстанның астанасы болып, еліміздің болашағына қатысты аса маңызды шешімдер қабылданғанын айтты.

«Жалпы «Сыр елі – жыр елі» деп бекер айтылмайды. Қорқыт ата заманынан жалғасып келе жатқан жыраулық-жыршылық және күйшілік өнер бұл аймақта кең қанат жайған. Жиенбай, Нұртуған, Нартай сынды саңлақтар негізін қалаған жыршылық мектептерді бүкіл еліміз біледі. Сыр бойы – нағыз еңбек адамдарының мекені. Кеңес заманында осы аймақтан 100-ге жуық Еңбек Ері шыққан. Әйгілі күрішші Ыбырай Жақаевты хал-

қымыз ерен еңбектің символына балайды. Аға буынның абыройлы жолын бүгінгі ұрпақ лайықты жалғастырып келеді», – деген Мемлекет басшысы кейінгі жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатқанына тоқталды.

Атап айтқанда, былтыр аймақтың ішкі жалпы өнімі 6,5 пайызға өскен. Үш жылда облысқа 2 триллион теңгеге жуық инвестиция тартылды. Сондай-ақ Президент былтыр облыста 27 инвестициялық жоба жүзеге асырылғанын, соның ішінде жана жылу электр орталығы іске қосылғанын ерекше атап өтті.

▶ 2-7



Анас БАҚҚОЖАЕВ:

«АУЫЛ МЕН ҚАЛА АРАСЫНДАҒЫ АЛШАҚТЫҚ АЗАЮЫ ТИІС»

▶ 8

ZAMAN JÄNE ZAŃ

ОҚУШЫЛАР АВТОБУСЫНДАҒЫ ОЛҚЫЛЫҚТАР

Прокуратура органдары жолаушылар мен жүкті автомобильмен тасымалдау ережелері, сондай-ақ мектеп автобустарын пайдалану кезінде жол қозғалысы талаптары өрескел бұзылған фактілерді анықтады.

Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Шөптікөл ауылындағы мектеп автобусында қауіпсіздік белдіктері ақаулы жағдайда болған, бұл жол қауіпсіздігінің міндетті талаптарына сай келмейді. Осы аудандағы Бірлік, Салкынкөл, Тахтаброд және Калиновка мектептерінің автобустарында дабыл түймелері жұмыс істемей тұрған. Петропавл қаласында оқу орындарының жекелеген жүргізушілері жолға шығар алдында міндетті медициналық тексеруден өтпей, оқушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірген.

Прокурорлық қадағалау актілері бойынша кінәлілер, оның ішінде мектеп директорлары жауапкершілікке тартылып, анықталған заң бұзушылықтар жойылып, көліктер белгіленген талаптарға сәйкестендірілді.

Аида БАБАСОВА,
облыс прокурорының аға көмекшісі.

KERЕК DEREK

Елімізде мал шаруашылығы саласы қарқынды дамуда. Атап айтқанда, ірі кара мал саны 2,4 пайызға артып, 7,977 млн.-нан 8,167 млн. басқа жеткен. Ал ұсақ кара мал саны 20,224 млн.-нан 20,551 млн.-ға дейін көбейіпті. Сүт өндірісі 3,8 млн. тоннаны құрап, 5 пайызға артты, ал ет өндірісінің көлемі 1,2 млн. тоннаға жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 2,6 пайызға өсті.

TOLĠANDYRAR TAQYRYP

ЖАЛЫН ЖАЛМАҒАН ТАҒДЫРЛАР



Өрт оқиғасының жиілеуіне не себеп?

Адамның басына қайғы келейін десе лезде екен. Жан баласын өмір бойы тірнектеп жиып-терген мүлкінен, тіпті өмірінен айыру үшін сүт пісірімдей уақыт та жетіп жатыр. Қыс келсе болды елімізде өрт оқиғалары жиілейді. Соңғы күндері Қызылжар жұртшылығы қаралы хабардан көз аша алар емес.

▶ 9

СЫŃСУ

▶ 10



SAQTYQTA QORLYQ JOQ

АУСЫЛ
АДАМҒА ДА
ЖҰҒАДЫ

Аусыл – үй және жабайы жұптұяқты жануарлардың вирустық ауруы. Ауру жедел инфекциямен, дене қызуының көтерілуімен және ауыз қуысының шырышты қабығында, желінде, тұяқ терісінде күлдіреуіктің пайда болуымен сипатталады.

Аусылмен адамдар да ауыруы мүмкін, алайда ауру адамнан адамға берілмейді. Бұл дертпен көбінесе ірі қара мал мен шошқалар ауырады. Ал қой ешкі және жабайы жұптұяқтылардың сезімталдығы төмен.

Жұқтыру көзі – ауру жануарлар (инкубациялық кезең 1-7 күнге дейін, кейде 21 күнге дейін). Вирус сүтпен, сілекеймен, тыныс арқылы шығарылатын ауамен, зәрмен және нәжіспен бөлінеді. Клиникалық белгілері: тәбеттің төмендеуі, сілекейдің көп бөлінуі, дене қызуының 40,5-41,5°C-ка дейін көтерілуі, ауыз қуысының, желінің, тұяқ аралығының шырышты қабығының күлдіреп, кейін эрозияға айналуы.

Аусыл вирусының алдын алу жолдары:

- жануарларды ұстаудың ветеринариялық-санитариялық талаптарын сақтау;
- мал шаруашылығы нысандарында дезинфекцияны тұрақты жүргізу;
- ветеринариялық ілеспе құжаттарсыз жануарларды сатып алмау;
- жаңадан сатып алынған жануарлар жайлы ветеринариялық қызметке хабарлау;
- сою алдында ветеринариялық маманның міндетті түрде алдын ала тексеру жүргізуі.

Аусыл ауруына күдік туған жағдайда жануар иесі ветеринариялық маманға хабарлап, ауру жануарларды оқшаулау, мал



шаруашылығы өнімдері мен жемшөптің сатылуын тоқтату қажет.

9 қаңтарда Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы шекарасында орналасқан «Құрманғазы» ветеринариялық бақылау бекетінде, Астрахань-Атырау бағыты бойынша, Солтүстік Осетия-Алания Республикасынан Өзбекстан Республикасына автокөлікпен транзиттік тасымалдау кезінде 71 бас ірі қара малдан аусыл ауруына күдік туғызатын клиникалық белгілер анықталды. Аталған клиникалық белгілердің анықталуына байланысты бұл автокөлік Ресей Федерациясының аумағына кері қайтарылды.

Қазақстан Республикасының аумағында эпизоотиялық жағдайдың тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында 2026 жылғы 13 қаңтардан бастап аусылға бейім жануарларға қатысты шектеулер енгізілді.

Аусыл ауруының таралуының алдын алу мақсатында барлық ауыл шаруашылығы құрылымдарының басшыларына, жануар иелеріне басқа өңірлерден жануарлар мен мал шаруашылығы өнімдерін әкелу кезінде ветеринариялық-санитариялық талаптарды қатаң сақтау қажет.

Айнұр СӘДУАҚАСОВА,
Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті
Қызылжар аудандық аумақтық инспекциясының мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Зерттеу СК» ЖШС бетон бұйымдарын өндіру зауыты үшін II санаттағы объектілерге әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін ХДВ, ПББ, ПЭК, ППМ, РКБ материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Күні, уақыты: 02.03.2026 ж. сағат 15:00-де.
Өтетін орны: Петропавл к., Сәбит Мұқанов к., 50, 308 каб.

Интернетке қосылу сілтемесі: <https://teams.live.com/join/9347146808347?p=MfMxAj7gJWnZIR2Bsz>.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Жоба материалдарына тапсырыс беруші: «Зерттеу СК» ЖШС, тел. +7 705 756 2211, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл к., Ленинград к-сі, 116-құрылыс, БСН: 021140006937, ntsaziya@mail.ru.

Құжаттаманы әзірлеушінің атауы: «NordEcoConsult» ЖШС, +7 705 800 23 63, Петро-

павл к., Мұқанов к., 50-308. БСН: 090240009780, vibatalov@yandex.ru (көрсетілген байланыстар бойынша қоғамдық тыңдау күніне дейін 3 күннен кешіктірмей сұрақтар қоюға болады).

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru> ЖАО-ның сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдайтын жергілікті атқарушы орган: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, Петропавл к., Парк к., 57в, тел.: 8(7152)533638, dpr@sko.gov.kz.

Конференцияға қосылу және қосымша ақпарат алу мәселелері бойынша +7 (777) 1791052 телефонына хабарласуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау үшін жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы: dpr@sko.gov.kz.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Зерттеу СК» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по материалу НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ, РООС для получения экологического разрешения на воздействие для объектов II категории для завода по производству бетонных изделий.

Место проведения: г. Петропавловск, Сабита Муканова, 50, каб. 308.

Дата, время: 02.03.2026 г. в 15:00.

Ссылка для онлайн подключения: <https://teams.live.com/join/9347146808347?p=MfMxAj7gJWnZIR2Bsz>.

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Заказчик материалов проекта: ТОО «Зерттеу СК», тел. +7 705 756 2211, Северо-Казахстанская область, г. Петропавловск, ул. Ленинградская, ст. 116, БИН: 021140006937, ntsaziya@mail.ru.

Наименование разработчика документации: ТОО «NordEcoConsult», +7 705 800 23 63, г. Петропавловск, ул. С.Муканова, 50-308. БИН:

090240009780, vibatalov@yandex.ru (задать интересующие вопросы можете по указанным контактам не позднее 3 дней до даты общественных слушаний).

Документация по проекту размещена на <https://ndbecology.gov.kz/> и сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Местный исполнительный орган, которому заинтересованная общественность направляет свои замечания и предложения: КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Северо-Казахстанской области», г. Петропавловск, ул. Парковая, 57в, тел. 8(7152)533638, dpr@sko.gov.kz.

По вопросам подключения к конференции и получения дополнительной информации обращаться по телефону +7 (777) 1791052.

Адрес электронной почты местного исполнительного органа для приема замечаний и предложений: dpr@sko.gov.kz.

Сенім телефоны

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің бұзу фактілері туралы хабарлау үшін 46-56-48 сенім телефоны ұсынады.

Сонымен қатар басқарма қызметі туралы ақпаратты www.gov.kz/memleket/entities/sko-ukzsp ресми сайтынан табуға болады, виртуалдық қабылдау бөлмесі арқылы немесе zsp@sko.gov.kz электрондық мекенжайына жібере отырып, сұрақтарыңызды қоя аласыздар.

Басқарма басшылығының азаматтарды қабылдау

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті қыз-

кестесі:

басқарма басшысы Р.С. Елжасов – ай сайын, айдың екінші сәрсенбісі күні, сағат 11.00-ден 12.00-ге дейін;

басқарма басшысының орынбасары: А.К. Сейітов – ай сайын, айдың төртінші сәрсенбісі күні, сағат 11.00-ден 12.00-ге дейін.

Мекенжайымыз: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Абай көшесі, 64, телефоны: 46-56-48.

меткерлерінің Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің бұзу фактілері туралы ақпарат беру үшін 46-95-76, 46-22-64 сенім телефонын ұсынады.

JER-JAHAN


ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
СОТТАЛДЫ

Оңтүстік Кореяның бұрынғы премьер-министрі Хан Док Су 2024 жылы әскери жағдайды енгізуге көмектескені және қолдағаны үшін кінәлі деп танылды. «Yonhap» агенттігінің хабарлауынша, арнайы прокурор елдің бұрынғы премьер-министрін 15 жыл бас бостандығынан айыру жазасын сұраған. Сеул орталық аудандық соты оны 23 жылға бас бостандығынан айыру жазасына кесіп, 2024 жылдың 3 желтоқсанында Оңтүстік Кореяда әскери жағдайдың жариялануы көтеріліс болғанын растады.

ТІҚҰШАҚ
ЖОҒАЛЫП КЕТТІ

Жапонияның Кумамото префектурасында бортында үш адам болған туристік тіқұшақ жоғалып кетті. «Yomiuri Shimbun» газетінің хабарлауынша, туристік тіқұшақ Кумамото префектурасындағы Асо жанартауы ауданында ұша-

ды деп жоспарланған. Тіқұшақ бортында ұшқыш және Тайваньнан келген екі жолаушы болған. Ұшу барысында тіқұшақ апаттық дабыл берген, алайда белгіленген уақытта базаға оралмаған.

МАЙНИНГ
ЗАНДАСТЫРЫЛДЫ

Қырғызстанда виртуалды активтер туралы заңға түзетулер қабылданды. Енгізілген өзгерістер елдегі цифрлық активтер саласына бақылауды күшейтуге, сондай-ақ Қырғыз Республикасындағы виртуалды активтер нарығының тұрақтылығы мен ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған. «Мемлекеттік май-

нинг» және «мемлекеттік криптовалюталық резерв» ұғымдары ресми түрде енгізіліп, сондай-ақ «стейблкоин», нақты активпен қамтамасыз етілген токен ұғымдарының анықтамалары нақтыланды. Майнингпен айналысатын барлық адам міндетті түрде ресми тіркеуден өтіп, тиісті сертификат алуы тиіс.

ПОЙЫЗ АПАТЫ

Барселона маңында пойыз рельстен шығып, апатқа ұшырады. Бір машинист қаза тауып, 14 адам жаракат алды. Жергілікті биліктің хабарлауынша, Барселонадан батысқа қарай шамамен 35 шақырым жерде орналасқан Желида мен Сант-Садурни арасындағы жолда «Rodalies» пойызы тіреу қабырғасымен соқтығысқан. Жергілікті өрт сөндіру қызметінің хабарлауынша, оқиға орнына 35 экипаж жіберіліп, пойызда қалған бір жолаушы құтқарылған.

МОЗАМБИКТЕГІ СУ
ТАСҚЫНЫ

Мозамбикте жарты миллионнан астам адам су тасқынынан зардап шекті.



Ел астанасы Мапуту су астында қалып, тұрғын үйлер мен ауруханалар қирады. Инкомати өзені арнасынан асып, тасқынға ұласып, Мапуту провинциясындағы Африка елінің оңтүстігі мен солтүстігін байланыстыратын тас жолда көлік қозғалысын тоқтатты. Қазіргі уақытта Мапутудан басқа қалаларға көлікпен жету мүмкін емес. Құтқарушылар су шайып кеткен көпірлер мен өткелдердің жағдайын тексеріп жатыр. Жаңбырлы маусым басталғалы бері Мозамбикте су тасқынынан 103 адам қаза тауып, 170 мыңға жуығы зардап шекті.

(Ғаламтор материалдарының негізінде әзірленді).